

Пайдалану бойынша нұсқаулық

Ұялы телефоны
FinePower SR235

FinePower

Құрметті сатып алушы!

"FinePower" сауда маркасымен шығарылатын бұйымды таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз. Біз Сізге сапаға, атқарымдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасалған және өндірілген бұйымдарды ұсынуға қуаныштымыз. Телефонды пайдаланбас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ телефонды дұрыс пайдалану және оған күтім жасау туралы ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықтың сақталуын қамтамасыз етіңіз, телефонды одан әрі пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының тағайындалуы

Ұялы телефон қоңырауларды қабылдауға және жасауға, сондай-ақ ұялы байланыс арқылы мәтіндік хабарламаларды қабылдауға және жіберуге арналған.

Қауіпсіздік туралы ақпарат

Телефонды және барлық құрамдас бөлшектерді балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз. Телефонды құрғақ күйде сұйықтықтардан алыс ұстаңыз, себебі бұл қысқа тұйықталуға немесе электр тақташаларының коррозиясына әкелуі мүмкін.

Телефонда шаң, кір, құм, тамақ немесе басқа да орынсыз материалдардың жиналуына жол бермеңіз.

Сұйық немесе аэрозольді тазартқыштарды қолданбаңыз. Қажет болған жағдайда, телефонның сыртын тазалау үшін шаңды сүртуге арналған шашақсыз жұмсақ, құрғақ шүберекті қолданыңыз. Тазалағыш құралдарды қолданбаңыз (құрамында спирт бар, аэрозольдық, абразивті және т.б.).

Телефонды қоршаған ортаның тиісті жағдайларында қолданыңыз. Телефонды -10°C -тан төмен емес және 45°C -тан жоғары емес тым жоғары немесе тым төмен температураның әсеріне ұшыратпаңыз, себебі бұл телефонның батареясы мен пластикалық бөліктеріне зақым келтіруі, сондай-ақ электр тақташаларының қызмет ету мерзімін қысқартуы мүмкін.

Егер Сіз құрылғыны температурасында және/немесе ылғалдылықта үлкен айырмашылығы бар, бір ортадан екінші ортаға тасымалдасаңыз, телефонның бетінде немесе ішінде конденсат

пайда болуы мүмкін. Құрылғының бұзылуын болдырмас үшін, құрылғыны қолданар алдында ылғалдың булануына жол беріңіз.

Телефонды лақтырмаңыз, себебі бұдан ішкі электр сұлбасы немесе басқа жоғары дәлдіктегі құрамдас бөлшектер істен шығуы мүмкін

Жол қозғалысы қауіпсіздігі

Автомобильді басқару кезінде ешбір жағдайда ұялы телефонды пайдаланушы болмаңыз. Қоңырау шалу үшін гарнитураны қолданыңыз.

Әуе кемесіндегі қауіпсіздік

Әуе кемесінің бортында болған кезде телефонды пайдаланбаңыз. Ұялы желі сигналдары навигация жүйесіне кедергі келтіруі мүмкін.

Қауіпті аймақтарда телефонды өшіру

Телефонды ықтимал жарылыс қаупі бар атмосферада немесе жанғыш заттар бар жерлерде өшіріңіз (мысалы, жанармай құю станцияларында, отын қоймаларында, сондай-ақ химиялық зауыттарда).

Арнайы ережелерді сақтау

Ауруханаларда және басқа да қоғамдық орындарда телефонды пайдалану ережелерін сақтаңыз. Телефон медициналық жабдыққа (мысалы, есту аппараттарына) кедергі келтіруі мүмкін екеніне назар аударыңыз.

Қызмет көрсету

Ешқашан телефонды өз бетіңізбен бөлшектеуге немесе жөндеуге тырыспаңыз. Мұны арнайы рұқсаты бар адам орындауы керек. Бұл шарттың бұзылуы телефон өндірушісінің кепілдік міндеттемелерін жояды.

Басқа құрылғылармен жалғау

Телефонды қандай да бір құрылғыға жалғамас бұрын, нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Ешбір жағдайда телефонға қосуға арналмаған жабдықты жалғамаңыз.

Шұғыл қоңырау шалу

Шұғыл қоңырау шалу үшін телефон қосулы және қандай да бір оператор желісінің әрекет ету аймағында екеніне және қоңырау шалу функциясы белсенді екеніне көз жеткізіңіз. Шұғыл қоңырау шалу үшін әдеттегі телефон нөмірін тергендей, 112 жедел қоңырау шалу нөмірін теріп, қоңырау шалу батырмасын басыңыз. Төтенше жағдай қызметкеріне қайда екеніңізді және сізге не болғанын түсіндіріңіз.

Аккумулятор батареясымен (Li-pol/Li-ion) жұмыс бойынша ұсыныстар

Тек қана түпнұсқа зарядтау құрылғысын қолданыңыз

1. Зарядтау алдында батареяны телефонға салыңыз.
2. Зарядтау құрылғысын телефонға жалғаңыз.
3. Зарядтау құрылғысының ашасын резеткеге қыстырыңыз.
4. Батарея деңгейінің индикаторы батарея толық зарядталғанға дейін жыпылықтайды.
5. Зарядтау кезінде батарея әдетте қызады, бұл қалыпты жағдай.

Назар аударыңыз: зарядтау құрылғысы тиісті ағытпада тұрғанына көз жеткізіңіз. Олай болмаған жағдайда телефон зарядталмайды. Желінің кернеу деңгейі мен қуаты зарядтау құрылғысының номиналды кернеуі мен қуатына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Егер батарея толығымен зарядын жоғалтқан болса, дисплейде зарядтау индикаторы пайда болмас бұрын біраз уақыт өтеді. Осыдан кейін Сіз телефонды пайдалана бастай аласыз.

Температура режимін сақтаңыз

АКБ +15 °С-тан +35 °С-қа дейінгі температурада зарядталған күйде сақталуы керек.

Батареяның оңтайлы жұмыс істеуі үшін келесі ережелерді сақтаңыз

- Батареяны тек телефонның жеткізілім жинақтамасынан пайдаланыңыз. Аккумулятор батареясын басқа типті батареямен ауыстыру, батареяны дұрыс орнатпау телефонның зақымдануына әкеп соғуы мүмкін.
- Батареяны алып шығармас бұрын телефонды өшіріңіз.
- Егер батарея жаңа болса немесе ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, зарядтау процесі әдеттегіден көбірек уақыт алуы мүмкін. Егер телефонды қосу үшін батарея кернеуі жеткіліксіз болса, батареяны ұзақтау зарядтаңыз. Егер батарея толығымен зарядын жоғалтқан болса, дисплейде зарядтау индикаторы пайда болмас бұрын біраз уақыт өтеді.
- Батареяны бөлме температурасында зарядтаңыз.
- Егер батарея жағымсыз иіс шығара бастаса немесе қызып кетсе, оны зарядтауды дереу тоқтатыңыз.


Құрылғы сұлбасы



1. Құлаққапты қосуға арналған ағытпа.
2. Зарядтау құрылғысын жалғауға және ДК-мен синхрондауға арналған ағытпа.
3. Шам.
4. Сөйлеу динамигі.
5. Сол жақ функционалдық батырмасы.
6. ОК / Енгізу батырмасы.
7. Қоңырау қабылдау батырмасы.
8. * батырмасы / экранды бұғаттаудан шығару.
9. Оң жақ функционалдық батырмасы.
10. Қоңырауды қайтару батырмасы / қосу / өшіру батырмасы.
11. # пернесі / профильдерді ауыстыру пернесі.
12. Камера.
13. Динамик.
14. SOS пернесі.
15. Шамның қосқышы.
16. Пернетақтаны бұғаттау/бұғаттаудан шығару батырмасы.

Жұмысты бастау

SIM-картаны орнату



SIM-картаны орнату үшін:

1. Қоңырауды қайтару/әрекетті аяқтау батырмасын бірнеше секунд ұстап тұрып телефонды өшіріңіз.
2. Телефонның артқы қақпағын ашыңыз.
3. Аккумулятор батареясын алып шығарыңыз.
4. SIM-картаның кесілген жиегі SIM-картаға арналған слоттың тиісті жағымен сәйкес келетіндей етіп тірелгенше салыңыз.
5. Батареяны орнына салыңыз.
6. Артқы қақпақты абайлап жабыңыз.


Назар аударыңыз! Бұл құрылғы 2 мини SIM-картаны қолдайды (суретті қараңыз). Сәйкес келмейтін SIM-карталарды қолдану картаның немесе құрылғының зақымдалуына, сондай-ақ картада сақталған ақпараттың зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Жад картасын орнату

Жад картасы – бұл телефон ішіне орнатылатын ақпарат сақтау құрылғысы. Бұл құрылғымен тек үйлесімді **microSD** жад карталарын пайдаланыңыз.

Басқа типтегі жад карталары **microSD** жад картасының ұяшығына сәйкес келмейді және бұл құрылғымен үйлесімді емес.

Жад картасын орнату үшін оны слотқа алтын түсті контактілерін төмен қаратып салыңыз. Жад картасын алып шығу үшін оны слоттан ақырын шығарыңыз.



Телефонды қосу/өшіру

Телефонды қосу үшін қоңырауды қайтару/әрекетті аяқтау батырмасын біраз уақыт ұстап тұрыңыз. Экранда қуат қосылуының анимациясы пайда болады.

Телефонды бұғаттау құпиясөзін енгізіңіз (қажет болған жағдайда) және оны растау үшін ОК батырмасын басыңыз.

PIN-кодты енгізіңіз (қажет болған жағдайда) және оны растау үшін ОК батырмасын басыңыз. PIN-код Сіздің желі операторыңызбен ұсынылады.

Телефонды өшіру үшін қоңырауды қайтару/әрекетті аяқтау батырмасын бірнеше секунд басып тұрыңыз.

Мәзір

Хабарламалар

- Қабылданған хабарламалар **Кіріс** атты қалтада сақталады.
- Жіберілмеген хабарламалар **Шығыс** атты қалтада сақталады.
- Алдын ала сақталған, бірақ жіберілмеген хабарламалар **Жоба** қалтасында болады.

Теңшеулерде жіберілген хабарламаларды сақтау функциясы қосылған жағдайда жіберілген хабарламалар **Жіберілген** атты қалтада болады.

Жіберілген хабарламаларды сақтау функциясын қосу/өшіру **Мәзір >**

Хабарламалар > Опциялар >

Хабарламалар теңшеулері > Жіберілген хабарламаларды сақтау тармағын таңдау жолымен жүзеге асырылады.

Шаблондар қалтасында мәтіндік хабарлама шаблондары сақталған. Сіз жауап беру үшін алдын ала жазылған шаблондарды қолдана аласыз немесе мәтіндік хабарламалардың өз нұсқаларын жасай аласыз.

Контактілер

Есімдер мен телефон нөмірлерін (контактілерді) телефон жадында және SIM-карта жадында сақтауға болады. Телефон жадында сақталған контактілерде, бір контактiге екі нөмір тағайындауға, сондай-ақ осы контактiні жатқызуға болатын топты таңдауға болады. SIM-картаның жадында есімдерді бір телефон нөмірімен байланыстыру арқылы сақтауға болады.

Контактiні қосу

Есімдер мен телефон нөмірлері таңдалған жадта сақталады. Есім мен телефон нөмірін сақтау үшін **Мәзір > Контактілер > Жаңа контактi** тармағын таңдаңыз.

Контактiлерді жою

Телефон жадынан немесе SIM-картасынан контактiлерді жою үшін, жойғыңыз келетін контактiні белгілеңіз, содан кейін **Мәзір > Контактілер > Опциялар > Жою** тармағын таңдаңыз.

Жылдам теру

Жылдам теру пернесіне телефон нөмірін тағайындау үшін **Мәзір > Контактілер > Опциялар > Теңшеулер > Жылдам теру** тармағын таңдаңыз. Жылдам теру функциясын қосыңыз және кез келген қол жетімді перне үшін контактi нөмірін жазыңыз.

Телефон теңшеулері

SOS (Шұғыл қоңыраулар)

SIM-картасы орнатылған SOS батырмасын басып және ұстап тұрыңыз. Телефон бұрын сақталған нөмірлерді тере бастайды.

- **Мәртебе** – шұғыл қоңыраулар функциясын қосу/өшіру.
- **Шұғыл контактілер** – Сіз шұғыл қоңыраулар жасалатын бес нөмірді енгізе аласыз.
- **Шұғыл хабарлама** – шұғыл хабарламаларды жіберу функциясын қосу/өшіру. Сондай-ақ Сіз өзіңіздің шұғыл хабарламаңызды жазып қоя немесе әдепкі мәтінді қалдыра аласыз.
- **SOS сигналы** – шұғыл қоңырау кезінде дыбысты қосу/өшіру.

Қоңырау шалу теңшеулері

Мәзір > Теңшеулер > Қоңырау теңшеулері тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **SIM1/2 > Қоңырауды күту** – екінші кіріс қоңырауды қабылдау мүмкіндігін беретін функцияны қосу/өшіру.
- **SIM1/2 > Қоңырауларды қайта адрестеу** – түрлі жағдайларда кіріс қоңырауларын қайта адрестеу.

- **Қоңырауларды бұғаттау** – әр түрлі жағдайларда кіріс және шығыс қоңырауларды бұғаттау.
- **Қосымша > Қара тізім** – нөмірлерді қара тізімге енгізу және қарау, сонымен қатар Қара тізім функциясы жұмысының теңшеулері.
- **Қосымша > Ақ тізім** – нөмірлерді қара тізімге енгізу және қарау, сонымен қатар Ақ тізім функциясы жұмысының теңшеулері.
- **Қосымша > Сөйлесулерді автоматты түрде жазу** – телефон қоңырауларын автоматты түрде жазуды қосу.
Назар аударыңыз: бұл функция жад картасы қосылған кезде ғана жұмыс істейді!
- **Қосымша > Нөмірді автоматты түрде қайталау** – нөмірге сәтсіз қоңырау шалған жағдайда телефон абонентпен қайта қосылуға бірнеше рет әрекет жасайды.
- **Қосымша > Қоңырау уақыты туралы еске салу** – ағымдағы қоңыраудың ұзақтығы жайлы қайта-қайта еске салады.
- **Қосымша > Қайтару, мәтіндік хабарламамен жауап беру** – кіріс қоңырау қабылданбаған жағдайда, қайтарылған нөмірге мәтіндік хабарлама жіберу ұсынылады.

Телефон теңшеулері

Мәзір > Теңшеулер > Телефон тармағын ашып, келесі функциялардың бірін таңдаңыз:

- **Уақыт пен күн** – уақытты, күнді, сондай-ақ уақыт пен күн форматын өзгерту.
- **Уақыт және күн > Уақыт белдеуі** – басқа уақыт белдеуіне ауысқан кезде уақыт белдеуін дүниежүзілік уақытқа (GMT) қатысты уақыт айырмашылығы ретінде таңдаңыз.
- **Уақыт және күн > Уақыт белдеуін жаңарту** – орнатылған уақыт белдеуін ескере отырып, уақытты жаңарту функциясын қосу/өшіру.
- **Тіл** – мәзір тілін таңдау.
- **Енгізу әдісі** – мәтіндік хабарламаларды енгізу тілі форматын таңдау.
- **Экран > Суреттер** – негізгі экранның суреттерін теңшеу.
- **Экран > Пернетақтаны автобұғаттау** – пернетақта бұғатталғанға дейінгі уақытты теңшеу.
- **Экран > Экранды жарықтандыру** – экранның жарықтылығы мен жұмыс уақытын теңшеу.
- **Навигация пернелері** – навигация пернелерінің функцияларын өзгерту.
- **Ұшақта** – телефонды радиобайланыстың барлық функциялары өшірілетін Ұшу режиміне ауыстыру.

Ықтимал проблемалар және олардың шешімі

Егер Сіз телефонның жұмысында ақауларды байқасаңыз, зауыттық параметрлерді қалпына келтіріп, келесі кестеге жүгініңіз. Егер Сіз ақауды өз бетімен шеше алмасаңыз, өндірушіге немесе оның ресми өкіліне немесе желі операторына хабарласыңыз.

Ақау	Себебі	Шешімі
SIM-карта қатесі.	SIM-карта зақымдалған.	Өзіңіздің желі операторыңызға хабарласыңыз.
	SIM-карта дұрыс салынбаған.	SIM-картаның тұрысын тексеріңіз.
	SIM-картаның металл контактілері ластанған.	SIM-картадағы контактілерді тазалаңыз.

Желінің әлсіз сигналы.	Сигнал бұғатталуда. Радио толқындарға жақын орналасқан биік ғимарат кедергі келтіруде немесе Сіз ғимараттың жертөле қабатында тұрсыз.	Сигналға ештеңе кедергі жасамайтын жерге барыңыз.
	Қарбалас сағаттарда желінің шамадан тыс жүктелімі.	Телефонды қарбалас сағаттарда пайдаланбауға тырысыңыз.
Телефон қосылмауда.	Батареяның заряды жеткіліксіз.	Батареяны зарядтаңыз.
Қоңырау шалу мүмкін емес.	Қоңырауларға тыйым салу белсендірілген.	Қоңырауларға тыйым салуды алып тастаңыз.

Телефон желіге қосылмауда.	SIM-карта ақаулы.	Өзіңіздің желі операторыңызға хабарласыңыз.
	Телефон желі аймағынан тыс жерде орналасқан.	Желінің әрекет ету аймағына өтіңіз.
	Желінің әлсіз сигналы.	Жоғары сигналдың әрекет ету аймағына өтіңіз.
Батарея зарядталмауда.	Зарядтау кернеуі зарядтау құрылғысында көрсетілген кернеумен сәйкес келмейді.	Зарядтау кернеуі зарядтау құрылғысында көрсетілген кернеумен сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

Техникалық сипаттамалары

- Моделі: SR235.
- Екі mini SIM-карта.
- Қолдау көрсетілетін жиілік диапазоны: GSM 900/1800 МГц.
- Экраны: 2,31" IPS, 320x240.
- Телефон кітапшасы: 300 контакті.
- MicroSD жад карталарын қолдау.
- FM-радио.
- Док-станция.
- SOS батырмасы.
- Мәтіндік хабарламалар.
- Аккумулятор батареясы: литий-ионды, 1700 мА·сағ.
- Bluetooth.
Сымсыз байланыс стандарты: IEEE 802.15.1.
Сымсыз жиілік диапазоны: 2400 – 2483,5 МГц.
Таратқыштың қуаты: 10 мВт.

Сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату шарттары мен ережелері

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Өндіруші мен тұтынушыда құрылғыны сақтау, ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жылытылатын үй-жайларда қаптамада жүзеге асырылуы керек. Үй-жайларда коррозияны тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдар, сілтілер булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы керек.
- Құрылғы ұқыпты қарауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда уәкілетті қызмет көрсету орталығына дереу хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға

сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне қайта өңдеуге тапсырылуға тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, Сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.



Қосымша ақпарат

Өндіруші: ЭйчКей Хаочэн Трэйд Лимитед. 3 қаб., А ғимараты, Хуэй Пу өнеркәсіптік паркі, Цэнь Ся тас жолы, Фу Юн, Баоань ауданы, Шэньчжэнь қ., Қытай. Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың "Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы" 037/2016 ЕАЭО ТР техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі, оның сипаттамалары мен жинақталуы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Құрылғының іс жүзіндегі интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.finepower.ru

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.3

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен құрылысында ақаулардың болмауына кепілдік береді.

Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсету бұйым пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес пайдалану шартымен, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Ұялы телефон

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Жинақтамаға кіретін аккумулятор батареясы және зарядтау құрылғысы

Кепілдік мерзімі: 6 ай.

Пайдалану мерзімі: 12 ай.

Жинақтамадағы басқа аксессуарлар

Кепілдік мерзімі: 3 ай.

Пайдалану мерзімі: 6 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

www.finepower.ru